

<b>ОНТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>	
«Инженерлік пәндер» кафедрасы  «Химия-технологиялық процестерді модельдеу» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	044-76-11  Стр. 1 из 71	

## **ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

**Пән:** **«Химия-технологиялық процестерді модельдеу»**

**Пән коды:** **НТРМ 3301**

**БББ атауы:** **6B0720100 Фармацевтикалық өндіріс технологиясы**

**Оқу сағатының көлемі/(кредит):** **180 сағат/ (6 кредит)**

**Оқытылатын курс пен семестр:** **3 курс, 5 семестр**

**Тәжірибелік сабактар:** **45 сағат**

**Шымкент, 2024 ж.**

<b>ОНТҮСТИК-ОАЗАОСТАН</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	044-76-11
«Химия-технологиялық процесстерді моделдеу» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	Стр. 1 из 71

Тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Фармацевттік өндірістің технологиясы» пәнінің жұмыс бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № \_\_\_\_ « \_\_\_\_ » 2024 ж.

Каф.Менгеруші, к.т.н. доцент

Г.Э. Орымбетова

<b>ОНТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>	
«Инженерлік пәндер» кафедрасы  «Химия-технологиялық процесстерді модельдеу» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар		044-76-11 Стр. 1 из 71

**Тақырыбы 1:** Регрессиялық модельдің параметрлерін анықтау. Белсенді емес эксперименттің деректері бойынша басқару объектінің статикалық модельдерін құру (регрессиялық анализ)

**Мақсаты:** Объектін статикалық сипаттама параметрлердің идентификациясы

#### Оқыту мақсаты:

##### Студент білуге тиіс:

- ең кіші квадраттар әдісі;
- модельдің адекваттылығы;
- объектінің статикалық модельдерін құру әдісі;
- статикалық сипаттамалары.

##### Студент істей алуға тиіс:

- басқару объектің математикалық моделін құру;
- объектің статикалық сипаттама параметрлердің идентификациялау,
- алынған нәтижелерді адекваттылыққа тексеруді жүргізу

#### Такырыптың негізгі құралдары:

##### Базалық

- статика моделі;
- регрессиялық модель;
- басқару объект.

##### Негізгі

- параметрлерді идентификациялау;
- басқару объектілерді модельдеу;
- нәтижелердің адекваттылығы.

#### Теориялық негіздері

Бірнеше кірісі және жалғыз шығысы бар объект бар болсын:



Сурет 1.1 – Объекттің құрылымдық сұлбасы

Бұл объекттің статикасын зерттеу барысында тәжірибелі басқа кірісайналылардың мәндерін тұрақты етіп үстап, уақыттың белгілі бір аралығы сайын  $X_i$  кіріс айнымалының мәнін  $\Delta X_i$  өсіріп тұруы қажет. Яғни,  $X_i$  мәні ретімен  $X_i^{\min}$  дең  $X_i^{\max}$ ға өзгереді. Бұл ікезде шығыс  $Y$  айнымалының мәні тіркеліп тұрады. Тәжірибелің нәтижесінде  $X$ -тің түрлі мәндері мен  $Y$  мәні арасындағы сәйкестік кестесі түріндегі статикалық сипаттама пайда болады.

Тәжірибелі өңдеу мақсаты – кестелік түрде пайда болған заңдылықты бір аналитикалық  $F(x)$  өрнекпен аппроксимациялау.

Жақындастыру (приближение) әдісі үшін тәуелсіз  $X_i$  айнымалының бүкіл өзгеру аралығындағы  $F(X)-Y(X)$  арасындағы айырмашылықты сипаттайтын бір функционалды минимизациялау тән. Тәжірибеде квадраттық жақындастыру жиі пайдаланылады. Ол кезде минимизацияланатын функционалдың түрі:

$$\int_{x_{\min}}^{x_{\max}} (Y(x) - F(x))^2 dx \rightarrow \min$$

Тәжірибелік есептеулерде функционал келесі түрге ие болады:

$$I = \sum [F(x_i) - Y_i]^2 \rightarrow \min \quad (1.1)$$

$$F(x_i) = \sum_{i=0}^m A_i * x_i^i$$

$A_i$  коэффициенттерін анықтау үшін осы коэффициенттердің әркайсысы бойынша (1.1)-ді дифференциалда, пайда болған теңдеулерді нольге теңестіру қажет. Сол кезде біз олардан қажетті коэффициенттерді аныктап алуымызға болатын ( $m+1$ ) теңдеулер жүйесіне ие боламыз:

$$\frac{dI}{dA_i} = 2 * \sum [F(x_i) - Y(x_i)] * x_i^k \quad k = 0, 1, 2, \dots, m$$

$$\sum \left[ \sum_{i=1}^m A_i * x_i^i - Y(x_i) \right] * x_i^k = 0$$

$$\sum_{i=1}^m \left[ \sum_{l=0}^i A_l * x_i^l - Y(x_i) \right] * x_i^k = 0$$

$$\sum_{i=1}^m \sum_{l=0}^i A_l * x_i^{l+k} - \sum_{i=1}^m Y(x_i) * x_i^k = 0$$

$$\begin{aligned}
 I &= \sum_{i=1}^n [F(x_i) - Y(x_i)]^2 \\
 \frac{dI}{dA} &= 2 * \sum_{i=1}^n [A + B * x_i - Y(x_i)]^2 \\
 \frac{dI}{dB} &= 2 * \sum_{i=1}^n [A + B * x_i - Y(x_i)]^2 * x_i \\
 \sum_{i=1}^n A + \sum_{i=1}^n B * x_i &= \sum_{i=1}^n Y(x_i) \Leftrightarrow n * A + B * \sum_{i=1}^n x_i = \sum_{i=1}^n Y(x_i) \\
 \sum_{i=1}^n A * x_i + \sum_{i=1}^n B * x_i^2 &= \sum_{i=1}^n Y(x_i) * x_i \Leftrightarrow A * \sum_{i=1}^n x_i + B * \sum_{i=1}^n x_i^2 = \sum_{i=1}^n Y(x_i) * x_i
 \end{aligned}$$

$$\begin{aligned}
 A &= \frac{\left| \begin{array}{cc} \sum_{i=1}^n Y(x_i) & \sum_{i=1}^n x_i \\ \sum_{i=1}^n Y(x_i) * x_i & \sum_{i=1}^n x_i^2 \end{array} \right|}{\left| \begin{array}{cc} n & \sum_{i=1}^n x_i \\ \sum_{i=1}^n x_i & \sum_{i=1}^n x_i^2 \end{array} \right|} = \frac{\sum_{i=1}^n Y(x_i) * \sum_{i=1}^n x_i^2 - \sum_{i=1}^n x_i * \sum_{i=1}^n Y(x_i) * x_i}{n * \sum_{i=1}^n x_i^2 - \left( \sum_{i=1}^n x_i \right)^2} \\
 B &= \frac{\left| \begin{array}{cc} n & \sum_{i=1}^n Y(x_i) \\ \sum_{i=1}^n x_i & \sum_{i=1}^n Y(x_i) * x_i \end{array} \right|}{\left| \begin{array}{cc} n & \sum_{i=1}^n x_i \\ \sum_{i=1}^n x_i & \sum_{i=1}^n x_i^2 \end{array} \right|} = \frac{n * \sum_{i=1}^n Y(x_i) * x_i - \sum_{i=1}^n x_i * \sum_{i=1}^n Y(x_i)}{n * \sum_{i=1}^n x_i^2 - \left( \sum_{i=1}^n x_i \right)^2}
 \end{aligned}
 \tag{1.2} \tag{1.3}$$

Сызықтық түрдегі  $F(X)=A+B\cdot X$  функциясы үшін ең кіші квадраттар әдісін қарастырайық.

Пайда болған модельдің адекваттылығын тәжірибелің әр нүктесіндегі орташа салыстырмалы қатені анықтау арқылы тексеруге болады:

$$\epsilon = \frac{1}{n} \cdot \sum_{i=1}^n \frac{|Y(x_i) - F(x_i)|}{Y(x_i)} \cdot 100\%
 \tag{1.4}$$

Бұл жерде:  $Y(x_i)$  – тәжірибелік нүктелер

$F(x_i)$  – модель бойынша табылған мәндер

Егер  $\epsilon$  3-5% төмен болса, онда модель тәжірибелік деректерді адекватты сипаттайтын деп тұжырымдауға болады.

**Білім берудің және оқытудың әдістері:** Бақылау сұрақтар мен жүргізілген жұмыс туралы әзірленген есеп бойынша ауызша сұрау. Жұмысты өзіндік орындау

<b>ОҢТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>«Инженерлік пәндер» кафедрасы</b>	044-76-11
<b>«Химия-технологиялық процесстерді модельдеу» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар</b>	Стр. 1 из 71

## Жұмысты орындау реті

1. ЛАБ1 бағдарламасын іске қосып, сынақ кітапшаныздың нөмірі бойынша тіркеleiіз.
2. Сол бойынша статикалық сипат алынатын арнаны ( $Y = f(T)$ ,  $Y = f(Q)$  не  $Y = f(F)$ ) тандаңыз.

<b>ОНТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	044-76-11
«Химия-технологиялық процесстерді модельдеу» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	Стр. 1 из 71

3. Кіріс айнымалының өзгертулуда аралығын 10-15 бірдей бөліктеге бөліңіз.
4. Кіріс айнымалыны ең кіші мәнінен ең үлкеніне дейін ретімен өзгертіп, шығыс Y айнымалының мәнін тіркеңіз.
5. Қолмен немесе MsExcel не Mathcad жүйелерін пайдаланып қажетті барлық есептеулерді орындаңыз.
6. Осы сиякты әдіспен басқа кіріс айнымалылар үшін бір қатар тәжірибелер өткізіңіз.
7. Қолмен немесе MsExcel не Mathcad жүйелерін пайдаланып қажетті барлық есептеулерді орындаңыз.
8. Оқытушы ұсынған жұмысты орындау бакылау мысалды қолданыңыз.

**Әдебиет:**

**негізгі:**

1. Ахназарова С.Л., Кафаров В.В. Методы оптимизации эксперимента в химической технологии: Учебное пособие для вузов. - 2-е изд., перераб. и дополненное. -М.: Высшая школа, 1985. -327с.
2. Инков А.М. Моделирование и идентификация объектов управления. Методические указания к выполнению лабораторных работ для студентов спец. 050702. Шымкент, ЮКГУ, 2010 г., -78 с.

**қосымша:**

3. Практикум по автоматике и системам управления производственными процессами: учеб. пособие для вузов /под ред. И.М.Масленникова. -М.: Химия, 1986. -336с.
4. Построение математических моделей химико-технологических процессов. Под ред. Дудникова Е.Г. - Л.: Химия, 1970. –312 с.
5. Райбман Н.С., Чадеев В.М. Построение моделей производства. - М.: Энергия, 1975.

### **Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.)**

- 1) Математикалық модельдерді құрудың регулярлық әдістерінің статистикалық әдістерінен айырмашылығы неде?
- 2) Статикалық сипаттама дегеніміз не?
- 3) Объектінің статикалық сипатының динамикалық сипатынан айырмашылығы неде?
- 4) Статикалық сипатты алу тәжірибелі жүргізу әдістемесі.
- 5) Статикалық сипаттама қандай түрде бейнеленілуі мүмкін?
- 6) Тәжірибелі деректерді аппроксимациялау әдістері. Олардың жетістіктері мен кемшіліктері.
- 7) Интерполяциялау әдісі.
- 8) Квадраттық жақыннату (приближение) әдісі.
- 9) Аппроксимациялаушы тәуелділіктерді сзызықтау (линеаризация).
- 10) Аппроксимациялау нәтижесінде пайда болған математикалық модельдердің адекваттылығын тексеру.

**Тақырып 2:** Регрессиялық модельдің параметрлерін анықтау. Басқару объектінің бірфакторлы дисперсиялық анализі

**Мақсаты:** Жұмыстың мақсаты тәжірибелердің әр нақты сериясы үшін математикалық күтімдердің тең болуы жөніндегі гипотезаны тексеру болып табылады. Студент «Регрессиялық модельдің параметрлерін анықтау. Басқару объектінің бірфакторлы дисперсиялық талдау» тақырыбын оку барысында алған білімдерін пайдалана білуі керек.

### Оқыту мақсаты:

#### Студент білуге тиіс:

- математикалық күтімдердің тең болуы жөніндегі гипотезаны;
- бірфакторлы дисперсиялық талдауы.

#### Студент істей алуға тиіс:

- математикалық күтімдердің тең болуы гипотезасын тексеру;
- Регрессиялық модельдің параметрлерін анықтау.

### Тақырыптың негізгі сұрақтары:

#### Базалық

- математикалық күтім;
- дисперсия;
- Фишер критерий.

#### Негізгі

- математикалық күтімдердің тең болуы жөніндегі гипотезасы;
- есепетеу нәтижелерін сұлба ретінде ұсыну.

### Теориялық негіздері

Кез-келген экспериментте бақыланатын шамалардың орташа мәні эксперименттің шарттарын анықтайтын кіріс факторлардың өзгеруіне және кездейсоқ факторларға (сыртқы әсерлерге) байланысты өзгеріп турады.

Дисперсиялық талдаудың мәселесі - орташа мәндердің өзгеруіне факторлардың тиғизетін әсерлерін зерттеу.

Дисперсиялық талдау – зерттелетін кездейсоқ шаманың өзгеруіне әкелетін жеке факторларды ерекшелеп, бағалау. Ол үшін қосындылған таңдамалы дисперсияны тәуелсіз факторлар себеп болатын құрамдастарға (составляющие) жіктейді (разложение).

Берілген фактордың әсері маңызды екендігін анықтау үшін кездейсоқ факторларлар себеп болатын үдайы өндірілу дисперсиясына сәйкес таңдамалы дисперсияның маңыздығын бағалау қажет.

Эксперименттің нәтижесі н түрлі мәндерді қабылдайтын ( $n$ -тәжірибелер серияларының саны) жеке бір A факторына тәуелді болсын. Тәжірибелердің әр сериясы үшін қайталанатын  $m$  бақылау жүргізіледі, олардың нәтижелерін келесі түрде жазуға болады:

$$Y_{11} \ Y_{12} \ Y_{13} \dots \ Y_{1m}$$

$$Y_{21} \ Y_{22} \ Y_{23} \dots \ Y_{2m}$$

$$Y_{31} \ Y_{32} \ Y_{33} \dots \ Y_{3m}$$

... ... ... ...

$$Y_{n1} \ Y_{n2} \ Y_{n3} \dots \ Y_{nm}$$

Алынған статистикалық деректердің негізінде нақты әр серия үшін математикалық күтімдердің тең болуы жөніндегі гипотезаны тексеру керек. Егер тексерілетін гипотеза

дұрыс болса, онда барлық сериялар үшін орташа арифметикалық мәндердің бір бірінен айырмашылығы жоқ, керінше жағдайда жобаланған гипотезаны қабылдамау керек.

$\bar{Y}_i$  - тәжірибелердің i-ші сериясының орташа мәнін, ал  $\bar{Y}$  арқылы барлық бақылаулар үшін орта мәнді белгілейік:

$$\bar{Y}_i = \frac{1}{m} \cdot \sum_{j=1}^m Y_{ij}$$

$$\bar{Y} = \frac{1}{m \cdot n} \cdot \sum_{j=1}^n \sum_{i=1}^m Y_{ij}$$

Дисперсиялық талдаудың мағынасы – жеке  $Y_{ij}$  –дің жалпы орташадан ауытқулары

$$Q = \sum_{i=1}^n \sum_{j=1}^m (Y_{ij} - \bar{Y}_i)^2 + \sum_{i=1}^n (Y_i - \bar{Y})^2 + \sum_{j=1}^m (Y_j - \bar{Y})^2 \quad (2.1)$$

$$\sum_{i=1}^n \sum_{j=1}^m (Y_{ij} - \bar{Y}_i)^2 = \left\{ \sum_{i=1}^n (Y_i - \bar{Y})^2 \right\} \left\{ \sum_{j=1}^m (Y_j - \bar{Y})^2 \right\}$$

квадраттарының қосындысын екі қосындыға жіктеуде:

Q - әр тәжірибенің ( $Y_{ij}$ ) мәнінің орташадан жалпы ауытқуын анықтайды;

Q<sub>A</sub> - A факторының себебінен пайда болған шашырауды (рассеяние) сипаттайты (екінші фигуралық жақшалардағы өрнек);

Q<sub>калд</sub> - кездейсоқ бөгеулер себебінен пайда болған шашырауды сипаттайты (бірінші фигуралық жақшалардағы).

Ауытқулардың квадраттар қосындыларын сәйкесінше еркіндік дәрежелеріне бөліп, келесі дисперсияларды аламыз:

$$\sigma_A^2 = Q/f$$

$$\sigma_{\text{калд}}^2 = \frac{Q}{f} / f$$

$$\sigma_A^2 = \frac{Q}{f} / f \quad (2.2)$$

Еркіндік дәрежелер саны:  $f = m \cdot n - 1$      $f_1 = n - 1$      $f_2 = n \cdot (m-1)$

Дисперсиялық талдауды орындау -  $\sigma_A^2$  және  $\sigma_{\text{калд}}^2$  бағаларын салыстыруды. Егер әр серия

үшін математикалық күтімдер бір біріне тең жөніндегі гипотеза дұрыс болса, онда  $\sigma_A^2$   $\sigma_{\text{калд}}^2$ -тан көп аспауы тиіс, ол Фишер критерии бойынша тексеріледі:

$$F = \sigma_A^2 / \sigma_{\text{калд}}^2 \quad (2.3)$$

Егер  $F < F_{kp}$ , онда  $\sigma_A^2$  мен  $\sigma_{\text{калд}}^2$  арасындағы айырмашылықты маңызды деп санауға болады, демек A факторының әсері кездейсоқ бөгеулер әсерімен шамалас.

Егер  $F > F_{kp}$ , онда  $\sigma_A^2$  мен  $\sigma_{\text{калд}}^2$  арасындағы айырмашылық маңызды, демек A факторы

шығыс шамаға әсер тигізеді.

$F_{kp}$  мәндерін маңыздылықтың  $\alpha$  ("альфа") деңгейінде және  $f_1$  мен  $f_2$  еркіндік дәрежелерінде Фишер таралуының квантильдері бойынша анықтайды:

$$F_{kp} = f(\alpha, f_1, f_2)$$

**Білім берудің және оқытудың әдістері:** Бақылау сұрақтар мен жүргізілген жұмыс туралы әзірленген есеп бойынша ауызша сұрау. Жұмысты өзіндік орындау

### Жұмысты орындау реті

- ЛАБ2 бағдарламасын іске қосып, сынақ кітапшаныздың нөмірі бойынша тіркеліңіз.
- Зерттелетін фактор ( $Y=f(T)$ ,  $Y=f(Q)$  немесе  $Y=f(F)$ ) таңдал алыңыз.
- Kіріс фактордың өзгергілу аралығын 5-8 бірдей бөліктерге (денгейлерге) бөліңіз.

<b>ОНДҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	044-76-11
«Химия-технологиялық процесстерді модельдеу» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	Стр. 1 из 71

- 4) Кіріс айнымалыны ең кіші мәнінен ең үлкеніне дейін ретімен өзгертіп, шығыс Y айнымалының мәнін тіркеңіз, бұл кезде әр деңгейде қайталанатын (5-8) тәжірибелер сериямын жүргізуі ұмытпаңыз.
- 5) Колмен немесе MsExcel не Mathcad жүйелерін пайдаланып қажетті барлық есептеулерді орындаңыз.
- 6) Осы сияқты әдіспен басқа кіріс айнымалылар үшін бір қатар тәжірибелер өткізіңіз.
- 7) Колмен немесе MsExcel не Mathcad жүйелерін пайдаланып қажетті барлық есептеулерді орындаңыз.
- 8) Оқытушы ұсынған жұмысты орындау бақылау мысалды қолданыңыз.

**Әдебиет:**

**негізгі:**

1. Ахназарова С.Л., Кафаров В.В. Методы оптимизации эксперимента в химической технологии: Учебное пособие для вузов. - 2-е изд., перераб. и дополненное. -М.: Высшая школа, 1985. -327с.
2. Инков А.М. Моделирование и идентификация объектов управления. Методические указания к выполнению лабораторных работ для студентов спец. 050702. Шымкент, ЮКГУ, 2010 г., -78 с.

**қосымша:**

3. Практикум по автоматике и системам управления производственными процессами: учеб. пособие для вузов /под ред. И.М.Масленникова. -М.: Химия, 1986. -336с.
4. Построение математических моделей химико-технологических процессов. Под ред. Дудникова Е.Г. - Л.: Химия, 1970. –312 с.
5. Райбман Н.С., Чадеев В.М. Построение моделей производства. - М.: Энергия, 1975.

### **Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.)**

Кездейсоқ шама дегеніміз не?

- 1) Кездейсоқ шамалардың түрлері?
- 2) Генеральды жиынтық (совокупность) дегеніміз не?
- 3) Кездейсоқ тандама (выборка) дегеніміз не?
- 4) Қандай тандама репрезентативтік деп аталады?
- 5) Кездейсоқ шаманың таралу заны, таралу функциясы және таралу тығыздығы деп нені атайдыз?
- 6) Математикалық күтім дегеніміз не және ол нені сипаттайты?
- 7) Дисперсия дегеніміз не және ол нені сипаттайты?
- 8) Орташа квадратты ауытқу (стандарт) дегеніміз не және ол нені сипаттайты?
- 9) Бірфакторлы дисперсиялық талдаудың мағынасы неде?
- 10) Бірфакторлы дисперсиялық талдаудағы экспериментальдық деректердің түсіру әдістемесі?
- 11) Қалдық дисперсия нені сипаттайты және ол қалай анықталады?
- 12) Сыртқы фактордың әсерінен пайда болған шығыс шаманың дисперсиясы қалай анықталады?
- 13) Кіріс фактордың маңыздығы қандай критерий бойынша анықталады?

**Тақырыб 3:** Регрессиялық модельдің параметрлерін анықтау. Параметрлерді статистикалық бағалау, гипотезаларды тексеру

**Мақсаты:** Жұмыстың мақсаты таралу параметрлерін статистикалық бағалауды іске асыру болып табылады. Студент «Регрессиялық модельдің параметрлерін анықтау. Параметрлерді статистикалық бағалау, гипотезаларды тексеру» тақырыбын оқу барысында алған білімдерін пайдалана білуі керек.

#### Оқыту мақсаты:

##### Студент білуге тиіс:

- таралу параметрлерін статистикалық бағалауды;
- регрессиялық модельді.

##### Студент істей алуға тиіс:

- таралу параметрлерін статистикалық бағалауларды жүргізу;
- параметрлерін статистикалық бағалауларды және гипотезаларды тексеруді жүргізу

#### Тақырыптың негізгі сұрақтары:

##### Базалық

- корреляция коэффициенті;
- сенімді интервал;
- кездейсоқ шама.

##### Негізгі

- корреляциялық өріс;
- таралу параметрлерді бағалау.

#### Теориялық негіздері

**Таралу параметрлердің статистикалық бағасы.** Кездейсоқ шаманың таралуының негізгі параметрлерінің бақуатты (состоятельный) және жылжымаган (несмещенные) бағалары (математикалық күтім  $M_x$  және дисперсия  $\sigma_x^2$ ) келесі формулалар бойынша табылуы мүмкін:

$$\bar{X} = \frac{1}{n} \cdot \sum_{i=1}^n X_i \quad (3.1)$$

$$\sigma_x^2 = \frac{1}{n-1} \cdot \sum_{i=1}^n (X_i - \bar{X})^2 \quad (3.2)$$

Бұл жерде  $n$  – таңдама көлемі

Кездейсоқ  $X$  және  $Y$  шамалар арасындағы корреляция коэффициентінің бағасын келесі формула бойынша анықтайды:

$$R_{XY} = \frac{1}{n-1} \cdot \frac{\sum_{i=1}^n (X_i - \bar{X}) \cdot (Y_i - \bar{Y})}{\sigma_x \cdot \sigma_y} \quad (3.3)$$

(3.1) - (3.3) бағаларды көлемі шектеулі таңдама (выборка) бойынша анықтағандықтан олардың статистикалық дұрыстығы мен дәлділігі жөнінде сұрақ пайда болады.

Ө арқылы бізді қызықтыратын параметрдің бағасын белгілейік. Онда бағаның дұрыстығы мен дәлдігін анықтау есебі параметрдің белгісіз ақырат мәні  $1-\alpha$  ( $\alpha = 0.1, 0.05, 0.01 \dots$  тең, жеткілікті аз шама) ықтималдықпен  $\theta$  параметрін қамтитын ( $\theta_1, \theta_2$ ) аралығында жатады деп тұжырымдауға болатындей аралықты анықтауға келтіріледі. ( $\theta_1, \theta_2$ ) аралықты -

<b>ОНДҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	044-76-11
«Химия-технологиялық процесстерді модельдеу» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	Стр. 1 из 71

**сенімді аралығы** (доверительный интервал) деп, ал 1-а ықтималдықты - **сенімді ықтималдығы** (доверительная вероятность) деп атайды.

Іктиналдық тығыздығы:

$$f(x) = \frac{1}{\sigma_x \cdot \sqrt{2\pi}} \cdot e^{-\frac{(x-M_x)^2}{2\sigma_x^2}}$$

болатын таралудың нормаль заңына ие болған X шамасы

жағдайын қарастырайық.

$M_x$ -ті 1-а ықтималдықпен қамтитын  $\bar{X} - \varepsilon, \bar{X} + \varepsilon$  математикалық күтім үшін сенімді аралықты:

$P[X - \varepsilon < M_x < X + \varepsilon] = 1 - \alpha$  шартынан табады. Оны келесі түрде бейнелеуге болады:

$$P[|X - M_x| < \theta] = 1 - \alpha \quad (3.4)$$

$v=n-1$  еркіндік дәрежелері бар Стьюенттің t-таралуына ие болатын  $t = \left[ \frac{(\bar{X} - M_x)/\sigma_x}{\sqrt{n}} \right]$ .

параметрін ендірейік. Онда (3.4) теңдік келесі түрдегідей қаңта жазылады:

$$P\left[\left|\bar{X} - M_x\right| < t(\alpha, v) \cdot \frac{\sigma_x}{\sqrt{n}}\right] = 1 - \alpha$$

бұл жерде,  $t(\alpha, v)$  –ны ықтималдығы  $\alpha$  және еркіндік дәрежелері  $v=n-1$  бойынша Стьюенттің таралу кестесінен анықтайды. 1-а сенімді ықтималдыққа сәйкес болатын  $M_x$  үшін сенімді аралық:

$$\left[ \bar{X} - \frac{t(\alpha, v) \cdot \sigma_x}{\sqrt{n}}, \bar{X} + \frac{t(\alpha, v) \cdot \sigma_x}{\sqrt{n}} \right] \quad (3.5)$$

Дисперсия үшін сенімді аралықты анықтау үшін

$$P[\sigma_1^2 < \sigma_x^2 < \sigma_2^2] = 1 - \alpha \quad (3.6)$$

тәндігін қаңағаттандыратын  $\sigma_1^2$  мен  $\sigma_2^2$  аралықтың шекараларын табу керек. Нормальды

таралған X үшін еркіндік дәрежелері  $v=n-1$  болатын шаманың таралу заңы белгілі:

$$\chi^2 = (n-1) \cdot \frac{\sigma_x^2}{\sigma^2} \quad (3.7)$$

бұл жерде  $\sigma_x^2$  – таңдамалы дисперсия,  $\sigma^2$  -  $\sigma_x^2$ -тің ақиқат мәні.

(3.7)-ні (3.6)-ға қойғаннан кейін,

$$P[\sigma_x^2 < \sigma_1^2] = P[\sigma_x^2 > \sigma_2^2] = \alpha/2$$

шарты бойынша:

$$P[\chi^2(1 - \alpha/2, v) < (n-1) \cdot \frac{\sigma_x^2}{\sigma^2} < \chi^2(\alpha/2, v)] = 1 - \alpha$$

$\chi^2(1 - \alpha/2, v) = (n-1) \cdot \frac{\sigma_x^2}{\sigma^2}$  шаманы Пирсонның таралу кестесі бойынша ықтималдығы  $1 - \alpha/2$

және еркіндік дәрежелер  $v=n-1$  санында табады, ал  $\chi^2(\alpha/2, v) = (n-1) \cdot \frac{\sigma_x^2}{\sigma^2}$  -ді

ықтималдығы  $\alpha/2$  және еркіндік дәрежелер  $v=n-1$  –де анықтайды.

Сондықтан, 1-а сенімді ықтималдыққа сәйкес  $\sigma_x^2$  дисперсия үшін сенімді аралық::

$$\left[ \frac{(n-1) \cdot \sigma_x^2}{\chi^2(\alpha/2, v)}, \frac{(n-1) \cdot \sigma_x^2}{\chi^2(\alpha/2, v)} \right] \quad (3.8)$$

$$\left[ (\alpha/2, v) \chi^2(1 - \alpha/2, v), \chi^2(\alpha/2, v) \right]$$

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>«Инженерлік пәндер» кафедрасы</b> <b>«Химия-технологиялық процесстерді модельдеу» пәнібойынша едістемелік нұсқаулар</b>	044-76-11 Стр. 1 из 71

**Статистикалық гипотезаларды тексеру.** Статистикалық гипотеза ұғымы кездейсок шаманың таралу түрі немесе оның таралуының кейбір параметрі жөніндегі болжамды білдіреді. Гипотезаны тексеру берілген таңдама (выборка) бойынша есептелген белгілі бір статистикалық көрсеткішті (маңыздылық критериін) тексерілетін гипотеза дұрыс деген шарт бойынша теориялық түрде табылған маңыздылық критериймен салыстыруда.

1)  **$M_x = C$**  деген гипотезаны тексеруде критерий ретінде мынадай шаманы пайдаланады:

$$t = (\bar{X} - C) \cdot \sqrt{n} / \sigma_x \quad (3.9)$$

Гипотеза дұрыс деген шартта бұл шама еркіндік дәрежелері  $v=n-1$  болатын Стьюденттің  $t$ -таралуына ие. Егер (3.9) қатынасы бойынша есептелген  $t$  мәнінің абсолют шамасы маңыздық деңгейі  $\alpha$  және еркіндік дәрежелер саны  $v$  болғандағы  $t$ -таралу кестесі бойынша табылған критикалық  $t_{kp}=t(\alpha, v)$  мәнінен аспаса, онда  $M_x=C$  гипотезасы қабылданады, керісінше жағдайда ол қабылданбайды.

2)  $X$  және  $Y$  кездейсоқ шамалардың көлемдері  $n_1$  және  $n_2$  болатын екі таңдамалар бойынша есептелген **екі математикалық күтімдердің бір біріне тең  $M_x=M_y$**  екендігі жөніндегі гипотезаны тексеруді қелесі критерий бойынша жүргізеді:

$$t = (\bar{X} - \bar{Y}) / \sqrt{\sigma_{x-y}} \quad (3.10)$$

$$\sigma_{x-y} = \sqrt{\frac{(n_1 + n_2) \cdot [(n_1 - 1) \cdot \sigma_x^2 + (n_2 - 1) \cdot \sigma_y^2]}{n_1 \cdot n_2 \cdot (n_1 + n_2 - 2)}}$$

$t$  критеріі еркіндік дәрежелер саны  $v=n_1+n_2-2$  болатын Стьюденттің  $t$ -таралуына ие. Гипотезаны алдынғы жағдайдағыдан тексереді, демек  $|t| \leq t_{kp}$  болғанда гипотеза қабылданады, ал  $|t| > t_{kp}$  қабылданбайды.

3)  $\sigma$  және  $\sigma^2$  бағалары көлемдері  $n$  және  $n$  болатын екі таңдамалар бойынша

$X \quad Y \quad 1 \quad 2$

анықталған  **$X$  пен  $Y$  екі кездейсоқ шамалар дисперсияларының тең болуы жөніндегі гипотезаны тексеруді** еркіндік дәрежелері алымы үшін  $v_1=n_1-1$  және бөлімі үшін  $v_2=n_2-1$  болатын Фишер таралуына ие:

$$F = \sigma_x^2 / \sigma_y^2, \quad (3.11)$$

kritерийн пайдаланып іске асырады.

(3.11) критеріі бойынша алынған мәнді критикалық  $F_{kp}=F(\alpha, v_1, v_2)$  мәнімен салыстырады.

Егер  $F < F_{kp}$  онда нольдік гипотезаны қабылдамауға негіз жоқ, керісінше жағдайда генеральдық жиынтықта  $\sigma_x^2 > \sigma_y^2$  деп қабылдаймыз.

4) **Екі кездейсоқ шамалардың арасында корреляцияның жоқ екендігі жөнінде гипотезаны тексеруде** қелесі қатынасты пайдаланады:

$$t = R_{XY} / \sigma_R, \quad (3.12)$$

бұл жерде:  $R_{XY}$  - (3.3) бойынша табылған корреляцияның бағасы,

$$\sigma_R^2 = [(1 - R_{XY}^2) / (n-2)]$$

$t$  шамасы еркіндік дәрежелері  $v=n-2$  болатын Стьюденттің  $t$ -таралуына ие. Егер (3.12) қатынасы бойынша есептелген  $t$  мәні абсолюттік шамасы бойынша маңыздықтың  $\alpha$  деңгейінде және еркіндік дәрежелердің  $v$  санында  $t$ -таралу кестесі бойынша табылған критикалық  $t_{kp}=t(\alpha, v)$  мәннен аспаса, онда генеральдық жиынтықта корреляцияның болмауы жөніндегі гипотезаны қабылдамауға негіз жоқ, керісінше жағдайда  $X$  пен  $Y$  шамаларының арасында корреляция бар деп қабылдаймыз.

**Білім берудің және оқытудың әдістері:** Бақылау сұрақтар мен жүргізілген жұмыс туралы өзірленген есеп бойынша ауызша сұрау. Жұмысты өзіндік орындау

### Жұмысты орындау реті

- ЛАБЗ бағдарламасын іске қосып, сынақ кітапшаныздың нөмірі бойынша тіркелініз.
- Зерттелетін QA және Y кездейсоқ шамаларын таідап алыңыз.

<b>OÝTÝSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMİASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	044-76-11
«Химия-технологиялық процесстерді модельдеу» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	Стр. 1 из 71

- 3) Екі кездейсоқ шамалардың (12-18 значений) көрсеткіштерін тіркеңіз.
- 4) Колмен немесе MsExcel не Mathcad жүйелерін пайдаланып қажетті барлық есептеулерді орындаңыз.
- 5) Осыған ұксама көрсеткіштерді QB және Y кездейсоқ шамалар үшін алыңыз.
- 6) Колмен немесе MsExcel не Mathcad жүйелерін пайдаланып қажетті барлық есептеулерді орындаңыз.
- 7) Оқытушы ұсынған жұмысты орындау бақылау мысалдары қолданыңыз.

**Әдебиет:**

**негізгі:**

1. Ахназарова С.Л., Кафаров В.В. Методы оптимизации эксперимента в химической технологии: Учебное пособие для вузов. - 2-е изд., перераб. и дополненное. -М.: Высшая школа, 1985. -327с.
2. Инков А.М. Моделирование и идентификация объектов управления. Методические указания к выполнению лабораторных работ для студентов спец. 050702. Шымкент, ЮКГУ, 2010 г., -78 с.

**қосымша:**

3. Практикум по автоматике и системам управления производственными процессами: учеб. пособие для вузов /под ред. И.М.Масленникова. -М.: Химия, 1986. -336с.
4. Построение математических моделей химико-технологических процессов. Под ред. Дудникова Е.Г. - Л.: Химия, 1970. –312 с.
5. Райбман Н.С., Чадеев В.М. Построение моделей производства. - М.: Энергия, 1975.

**Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.)**

- 1) Кездейсоқ шама дегеніміз не?
- 2) Кездейсоқ шамалардың түрлері?
- 3) Генеральды жиынтық (совокупность) дегеніміз не?
- 4) Кездейсоқ таңдама (выборка) дегеніміз не?
- 5) Қандай таңдама репрезентативті деп аталады?
- 6) Кездейсоқ шаманың таралу заны, таралу функциясы және таралу тығыздығы деп нені атайдыз?
- 7) Математикалық құтім дегеніміз не және ол нені сипаттайты?
- 8) Дисперсия дегеніміз не және ол нені сипаттайты?
- 9) Орташа квадратты ауытқу (стандарт) дегеніміз не және ол нені сипаттайты?
- 10) Корреляцияның коэффициенті дегеніміз не және ол нені сипаттайты?
- 11) Кездейсоқ шаманың қандай бағасы бақуатты (составительная), жылжымаған болып табылады?
- 12) Сенімді ықтималдық, маңыздылық деңгейі дегеніміз не?
- 13) Еркіндік дәрежесі дегеніміз не және ол қалай анықталады?
- 14) Сенімді аралық, сенімді шекаралар дегеніміз не?
- 15) Математикалық құтім үшін сенімді аралық қалай анықталады?
- 16) Дисперсия үшін сенімді аралық қалай анықталады?
- 17) Статистикалық гипотеза дегеніміз не?
- 18) Математикалық құтімнің С санына тең болуы жөніндегі гипотеза.
- 19) Екі кездейсоқ шамалардың математикалық құтімдерінің бір біріне тең болуы жөніндегі гипотеза.

20) Екі кездейсоқ шамалардың дисперсияларының бір біріне тең болуы жөніндегі гипотеза.

21) Екі кездейсоқ шамалар арасында корреляцияның жок болуы жөніндегі гипотеза.

**Тақырыбы 4,5 :** Регрессиялық модельдің параметрлерін анықтау. Белсенді эксперименттің деректері бойынша басқару объектінің статикалық модельдерін құру (экспериментті жоспарлау әдістері), 2-ші дәрежелі ортогоналды жоспар.

**Мақсаты:** Жұмыстың мақсаты эксперименттерді жоспарлауды пайдаланып, белсенді эксперименттің әдістері арқылы регрессиялық модельдің параметрлерін анықтау болып табылады. Студент «Регрессиялық модельдің параметрлерін анықтау. Белсенді эксперименттің деректері бойынша басқару объектінің статикасының модельдерін құру (экспериментті жоспарлау әдістері)» тақырыбын оқу барысында алған білімдерін пайдалана білуі керек.

#### Оқыту мақсаты:

##### Студент білуге тиіс:

- белсенді эксперименттің әдістерін;
- регрессиялық модельді;
- экспериментті жоспарлау әдістерін.

##### Студент істей алуға тиіс:

- экспериментті жоспарлауды жүргізу;
- регрессиялық модельдің параметрлерін анықтау;
- басқару объектінің статикасының модельдерін құру.

#### Тақырыптың негізгі сұрақтары:

##### Базалық

- критикалық мәндер;
- Кохрен критерийі;
- Фишер критерийі.

##### Негізгі

- жоспарлау матрицасы;
- адекваттылық дисперсиясы.

#### Теориялық негіздері

Жоспарлау матрицасындағы әр тәжірибе  $m$  рет қайталанылатын жоспарланған экспериментті дисперсиялық және регрессиялық талдау сұлбасының жалпы түрі келесі:

#### Сызықты жоспар $2^k$

Эксперименттің жоспары 4.1 кестеде келтірілген.

Кесте. 4.1

Тәжірибе №	$x_0$	$x_1$	$x_2$	...	$x_k$	Y	$Y$	$\sigma_Y^2$
1	+1	+1	-1	.	+1	$y_{11}, y_{12}, \dots, y_{1m}$	$y_1$	$\sigma_1^2$
2	+1	-1	-1	.	+1	$y_{21}, y_{22}, \dots, y_{2m}$	$y_2$	$\sigma_2^2$
3	+1	+1	+1	.	+1	$y_{31}, y_{32}, \dots, y_{3m}$	$y_3$	$\sigma_3^2$
.	.	.	.	.	.	.	.	.
.	.	.	.	.	.	.	.	.
.	.	.	.	.	.	.	.	.
N	+1	-1	+1	.	-1	$y_{N1}, y_{N2}, \dots, y_{Nm}$	$y_4$	$\sigma_N^2$

1) Қажетті эксперименттер жүргізіледі.

2) Кохрен критерий бойынша тандама дисперсиялардың біртектілігі тексеріледі. Ол үшін максималды дисперсияның барлық дисперсиялардың қосындысына қатынас құрастырылады:

$$G = \frac{\sigma_{\max}^2}{\sum_{i=1}^N \sigma_i^2}$$

Пайда болған қатынасты кестелік мәнben салыстырады:  $G_{kp}=G(a, f_1, f_2)$ , бұл жерде:  
 $a=0.05$ ,  $f_1 = m - 1$ ,  $f_2 = N$ . Егер  $G < G_{kp}$  болса, онда дисперсиялар біртекті.

Онда үдайы өндірілудің (воспроизводимость) дисперсиясы ретінде еркіндік дәрежелер саны  $f_{BOS} = N(m-1)$  болатын орташа дисперсиясын алуға болады:

$$\sigma_{ave}^2 = \frac{1}{n} \cdot \sum_{i=1}^N \sigma_i^2 \quad (4.3)$$

3) Регрессия тендеуінің коэффициенттері келесі формула бойынша анықталады:

$$b_j = \frac{\sum_{i=1}^n X_{ji} \cdot \bar{Y}_i}{N} \quad (4.4)$$

4) Коэффициенттердің дисперсиясы келесідей анықталады:

$$\sigma_{bj}^2 = \sigma_{BOS}^2 / (N \cdot m) \quad (4.5)$$

5) Коэффициенттердің мағыналығы Стьюдент критерий бойынша тексеріледі. Регрессия тендеуінің барлық коэффициенттері үшін  $t$ -қатынасы құрастырылады:

$$t_j = |b_j| / \sigma_{bj} \quad (4.6),$$

оны мағыналық деңгейі  $\sigma = 0.05$  және еркіндік дәрежелер саны  $f=N(m-1)$  үшін кестелік  $t_{kp}=t(a, f)$  мен салыстырады. Егер  $t_j < t_{kp}$  болса, онда сәйкесінші  $b_j$  коэффициенті мағынасыз ретінде регрессия тендеуінен алып тасталады.

6) Регрессия тендеуінің экспериментке адекватты болуы Фишер критерий бойынша тексеріледі. Дисперсияны тексеру үшін дисперсиялық қатынас құрастырылады:

$$F = \sigma_{AD}^2 / \sigma_{BOS}^2,$$

бұл жерде:  $\sigma_{AD}^2$  – адекваттылық дисперсиясы, ол келесі формула бойынша анықталады:

$$\sigma_{AD}^2 = \frac{m \cdot \sum_{i=1}^N (Y_i - \tilde{Y}_i)^2}{N - l} \quad (4.7)$$

$$\sigma_{AD}^2 = \frac{\sum_{i=1}^{l-1} (Y_i - \tilde{Y}_i)^2}{N - l}$$

<b>ОНТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Инженерлік пәндер» кафедрасы «Химия-технологиялық процесстерді модельдеу» пәнібойынша едістемелік нұсқаулар	044-76-11 Стр. 1 из 71

1 - Регрессия тендеуінің мағыналы коэффициенттерінің саны.

Егер пайда болған дисперсиялық қатынас кестелік  $F_{kp}=F(\alpha, f_{AD}, f_{BOS})$  ( $\alpha=0.05, f_{AD}=N-1, f_{BOS}=N(m-1)$ ) аз болса, онда тендеу экспериментке адекватты, керінше жағдайда экспериментті адекватты сипаттау үшін аппроксимациялаушы полиномның ретін жоғарылату керек.

## 2 ретті ортогональды жоспар

Кесте. 4.2.

Тәжірибе №	x0	x1	x2	.	xk	x1'	x2'	.	xk'	Y	Y	$\sigma_Y^2$
1	+1	+1	-1	.	+1	x11'	x21'	.	xk1'	y11,y12,...,y1m	y1	$\sigma_1^2$
2	+1	-1	-1	.	+1	x12'	x22'	.	xk2'	y21,y22,...,y2m	y2	$\sigma_2^2$
3	+1	+1	+1	.	+1	x13'	x23'	.	xk3'	y31,y32,,y3m	y3	$\sigma_3^2$
.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	-
.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	-
.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	-

N	+1	-1	+1	.	-1	x1N'	x2N'	.	xkN'	yN1,yN2,,yNm	yN	$\sigma_N^2$
N+1	+a	0	0	.	0	.	.	.	.	.	.	-
N+2	-a	0	0	.	0	.	.	.	.	.	.	-
N+3	0	+a	0	.	0	.	.	.	.	.	.	-
N+4	0	-a	0	.	0	.	.	.	.	.	.	-
N+5	0	0	+a	.	0	.	.	.	.	.	.	-
N+6	0	0	-a	.	0	.	.	.	.	.	.	-
.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	.	-
.	0	0	0	0	+a	.	.	.	.	.	.	-
N+2·k	0	0	0	0	-a	.	.	.	.	.	.	-
N+2·k+1	0	0	0		0	x1n'	x2n'	.	x3n'	yn1,yn2,,ym	yn	$\sigma_n^2$

Тәжірибе саны  $2^k + 2 \cdot k + 1$  ретінде анықталады.

Жоспардың негізін сызықтық  $2^k$  (жолдары 1ден N дейін) жоспары құрайды. Сонымен қатар, тәжірибелер жүлдіздық нүктелер мен (жолдар N+1ден N+2·k дейін) жоспардың орталығында (N+2·k+1 жолы) жүргізіледі.

X<sub>j</sub>' бағандары келесі формула бойынша анықталады:

$$X \odot = X^2 - \frac{1}{n} * \sum_{i=1}^n X^{ji} \quad (4.8)$$

1) Олшенетін шаманың орташа мәні мен дисперсиясы (4.1), (4.2) формулалары бойынша анықталады.

2) Кохрен критерий бойынша таңдамалы дисперсиялардың біртектілігі тексеріледі. Үдайы өндірілу дисперсиясы (4.3) бойынша есептеледі.

3) Регрессия тендеуінің коэффициенттері келесі формула бойынша анықталады:

$$b_j = \frac{\sum_{i=1}^n X_{ji} \cdot \bar{Y}_i}{\sum_{i=1}^n X_{ji}^2} \quad (4.9)$$

4) Коэффициенттердің дисперсиясы келесідей анықталады:

<b>ОНТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>«Инженерлік пәндер» кафедрасы</b>	044-76-11
<b>«Химия-технологиялық процесстерді модельдеу» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар</b>	Стр. 1 из 71

$$\sigma_{bj}^2 = \frac{\sigma_{\%e^{-}}^2}{m \cdot \sum_{i=1}^n X_{ji}^2} \quad (4.10)$$

<b>ОНТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	044-76-11
«Химия-технологиялық процесстерді модельдеу» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	Стр. 1 из 71

5) Коэффициенттерді мағыналыққа тексеру әдістемесі жоғарыда көрсетілген (4.6 формуласын көр).

6) Регрессия тендеуінің экспериментке адекватты болуын тексеру жоғарыда көрсетілген (4.7 формуласын көр).

**Білім берудің және оқытудың әдістері:** Бақылау сұрақтар мен жүргізілген жұмыс туралы әзірленген есеп бойынша ауызша сұрау. Жұмысты өзіндік орындау

### Жұмысты орындау реті

- 1) Экспериментті өткізу жоспарын құрыныз.
- 2) ЛАБ4 бағдарламасын іске қосып, сынақ кітапшаңыздың нөмірі бойынша тіркелініз.
- 3) Экспериментті жоспарлау матрицаның ағымдағы қатарына сәйкес (T,Q,F) кіріс параметрлердің мәндерін енгізіп, қайталанылатын 3 тәжірибелі орындаңыз. Орындау барысында шығыс Y шаманың мәндерін тіркеуді ұмытпаңыз.
- 4) Колмен немесе MsExcel не Mathcad жүйелерін пайдаланып қажетті барлық есептеулерді орындаңыз.
- 5) Экспериментті жоспарлау матрицаның әр қатары үшін тәжірибелерді қайталаныз.
- 6) Колмен немесе MsExcel не Mathcad жүйелерін пайдаланып қажетті барлық есептеулерді орындаңыз.
- 7) ЛАБ4А бағдарламасын іске қосып экранға шығатын нұсқауларды пайдаланып жұмысты орындаңыз.
- 8) Оқытушы ұсынған жұмысты орындау бақылау мысалдары қолданыңыз.

### Әдебиет:

#### негізгі:

1. Ахназарова С.Л., Кафаров В.В. Методы оптимизации эксперимента в химической технологии: Учебное пособие для вузов. - 2-е изд., перераб. и дополненное. -М.: Высшая школа, 1985. -327с.
2. Инков А.М. Моделирование и идентификация объектов управления. Методические указания к выполнению лабораторных работ для студентов спец. 050702. Шымкент, ЮКГУ, 2010 г., -78 с.

#### қосынша:

3. Практикум по автоматике и системам управления производственными процессами: учеб. пособие для вузов /под ред. И.М.Масленникова. -М.: Химия, 1986. -336с.
4. Построение математических моделей химико-технологических процессов. Под ред. Дудникова Е.Г. - Л.: Химия, 1970. –312 с.
5. Райбман Н.С., Чадеев В.М. Построение моделей производства. - М.: Энергия, 1975.

### Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.)

- 1) Белсенді және белсенді емес эксперимент. Олардың айырмашылықтары?
- 2) Қөпфакторлы эксперимент дегеніміз не?
- 3) Регрессия тендеуі дегеніміз не?
- 4) Толық факторлық эксперимент дегеніміз не?
- 5) Денгей және фактор деп нені түсінеміз?
- 6) Экспериментті жоспарлау матрицасы қалай қалыптастырылады?
- 7) Экспериментті жоспарлау матрицасында өлшемсіз түрге өту қалай іске асырылады?
- 8) Дисперсияны біртектілікке тексерудің мағынасы неде?
- 9) Регрессия тендеуінің коэффициенттері қалай анықталады?

<b>ОҢТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	044-76-11
«Химия-технологиялық процесстерді моделдеу» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	Стр. 1 из 71

- 10) Коэффициенттердің мағыналығы қалай анықталады?
- 11) Регрессия тендеуінің адекваттылығы қалай тексеріледі?
- 12) 2-ші ретті ортогональдық жоспар дегеніміз не?
- 13) 2-ші ретті жоспарлар қай кезде пайдаланылады?
- 14) Жұлдыздық ікітың "a" мәні қалай анықталады?
- 15) Экспериментті жоспарлау матрицасында бейсзықты мүшелерінде бағандар қалай қалыптастырылады?
- 16) Фишер критеріи не үшін қолданылады, Фишердің таралу квантильдері қалай анықталады?

<b>ОНТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	044-76-11 Стр. 1 из 71
«Инженерлік пәндер» кафедрасы «Химия-технологиялық процесстерді модельдеу» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар		

- 17) Стыюодент критеріи не үшін қолданылады, Стыюоденттің тараалу квантильдері қалай анықталады?
- 18) Бөлшекті реплика дегеніміз не?

<b>ОҢТҮСТИК-ОАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Инженерлік пәндер» кафедрасы	044-76-11
«Химия-технологиялық процесстерді модельдеу» пәнібойынша әдістемелік нұсқаулар	Стр. 1 из 71

## Тақырыб 6: Объектін динамикалық сипаттамаларын идентификациялау

**Мақсаты:** Қыздырылатын судың температурасын тұрақты ұстау – объектін жұмыс істеу мақсаты.

### Оқыту мақсаты:

#### Студент білуге тиіс:

- басқару әсер (кіріс)-бу шығыны;
- реттелетін параметр (шығыс)-ыстық судың температурасы;
- аралық (косымша) ережелік параметр – бу шығыны;
- қоздыру – мұздай судың шығыны.

#### Студент істей алуға тиіс:

- получена кривая разгона по каналу «Реттеу органның қоздыруы, ΔU(%)»-Бу шығыны, F(м3/ч)» канал бойынша үдеу қисығын алу;
- беріліс функцияны тұрғызу;
- Лаплас түрлендіруді жүргізу.

### Тақырыптың негізгі сұрақтары:

#### Базалық

- үдеу қисығы;
- беріліс функция;
- модель адекваттылығы.

#### Негізгі

- уақыт тұрақтылығы;
- таза кешігу уақыты;
- күшету коэффициенті.

### Теориялық негіздері

Аудандар әдісі басқару объектілерінің динамикалық сипаттамаларын идентификациялаудың инженерлік әдістерінің бірі болып табылады. Бұл әдіс ЭЕМде іске асыру мен қатар қолмен есептеуге де ынғайлы және тәжірибеде қанағаттанарлық дәлділікке ие.

Әдіс басқару үрдісінен тыс идентификациялауды жобалайды, себебі ол БАЖ-ды кәдімгі пайдалану барысындағы өлшеу нәтижелерін қолданбайды, объекттің кірісіндегі сатылы әсерге объектің қайтаратын жауабы қисығын алу үшін арнайы эксперименттерді өткізу қажет. Осы экспериментте алынған үдеу (разгон) қисығы бойынша келесі түрдегі беріліс функцияның коэффициенттері анықталады:

$$W(p) = C * W^* * e^{-p\tau_3} \quad (5.1)$$

Бұл жерде:

$$W^* = \frac{b_1 + \sum_{i=1}^M b_{i+1} p^i}{a_1 + \sum_{i=1}^N a_{i+1} p^i} \quad M \leq N \quad (5.2)$$

Өзін өзі теңестіретін объектінің күшету коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:

$$C = \frac{X_k}{\Delta U} \quad (5.3)$$

Әдіс өзін өзі теңестірмейтін объектіге де қолданылуы мүмкін.

Таза кешігу уақыты  $t_3$  әсерді тигізу мерзімнен бастап объекттің шығысында реакция пайда болғанға дейін өткен уақыт ретінде үдеу қисығының графигінен анықталады.

Аудандар әдісі (5.1)-ге енетін  $a_i$ ,  $b_i$ ,  $M$ ,  $N$  коэффициенттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Бір кірісі мен бір шығысы бар құрылымдық сұлбасының түрі:



болатын стационарлы сызықты объекттің математикалық моделін анықтау үшін аудандар әдісін қолдануды қарастырайық.

На рисунке 5.1 суретінде эксперименттің нәтижесінде алғынан үдеу қисығы көрсетілген.

Өндөу үшін уақыт бойынша  $\Delta t$  қадамымен берілетін шығыстағы  $X_i$  дискретті мәндермен бейнеленген  $t=t_3$  уақыт мерзімінен басталған үдеу қисығының бір бөлігі пайдаланылады.

$t=t_3$  нүктесі координаттардың жаңа басы ретінде қабылданады.

Есептеулерде нормалданған түрдегі үдеу қисығы пайдаланылады, ол бастапқы формуладан келесі формула бойынша пайда болады:

$$Z_i = 1 - X_i / X_k \quad (5.4)$$

Аудандар әдісінің мағынасы  $(W^*)^{-1}$  функциясын р дәрежелері бойынша қысқартылған (усеченный) қатарға жіктеуге келтіріледі, яғни келесі жіктеуге:

$$W^*(p)^{-1} = \frac{1}{W^*(p)} = 1 + \sum_{i=1}^N F_i p \quad (5.5)$$

(5)-ке кіретін интегралдық  $F_i$  аудандары келесі формулалар бойынша есептеледі:

$$F_1 = \int_0^\infty Z(t) dt \quad (5.6)$$

$$F_2 = \int_0^\infty \int_0^\infty Z(t) dt^2 = F_1^2 \int_0^\infty \int_0^\infty Z(t)(1-\theta) d\theta \quad (5.7)$$

$$F_3 = \int_0^\infty \int_0^\infty \int_0^\infty Z(t) dt = F_1 \int_0^\infty \int_0^\infty Z(t)(1-2\theta + \frac{\theta^2}{2}) d\theta \quad (5.8)$$

Величини  $F_i$  шамалары сандық интегралдау әдістерімен анықталады. Мысалы, егер трапециялар әдісін пайдалансақ, онда:

$$F_1 = \Delta t (S_1 - 0.5) \quad (5.9)$$

$$F_2 = F_1 \Delta t (S_2 - 0.5) \quad (5.10)$$

$$F_3 = F_1^2 \Delta t (S_3 - 0.5) \quad (5.11)$$

$$\dots \dots \dots \quad (5.12)$$

$$F_1 = F_1^{l-1} \Delta t (S_l - 0.5)$$

бұл жерде :

$$S_1 = \sum_{i=1}^k Z_i \quad (5.13)$$

$$S_2 = \sum_{i=1}^k Z_i (1 - \theta_i) \quad (5.14)$$

$$S_3 = \sum_{i=1}^k Z_i (1 - 2\theta_i + \frac{\theta_i^2}{2}) \quad (5.15)$$

$$S_4 = \sum_{i=1}^k Z_i (\frac{F_3}{F_1^3} - \frac{F_2}{F_1^2} \theta_i + \frac{\theta_i^2}{2} - \frac{\theta_i^3}{3}) \quad (5.16)$$

